

1 2012

33 2 30 к.

Асылзат  
АРЫСТАНБЕК

# Бесінші маусым










Асылзат АРЫСТАНБЕК


# Бесінші маусым



*Profi*MEDIA

Астана – 2011

УДК 821.512.122 – 1



«Алтын Қыран» халықаралық  
қайырымдылық қорының (*Президенті Исламбек  
Төлеубайұлы Салжанов*) демеушілігімен  
жарыққа шықты.

**Арыстанбек Асылзат**  
**А 89** *Бесінші маусым: Өлеңдер жинағы.* –  
Астана: Профи Медиа, 2011. – 144 бет

ISBN 978-601-80208-7-2

Өлең өлкесінде өзіндік қолтаңбасымен танылып жүрген  
ақын Асылзат Арыстанбектің тұңғыш жинағына әртүрлі  
такырыптағы өлеңдері енген.

Қазакы өрліктің исі аңқыған өлеңдері оқырмандарын  
бей-жай қалдыrmайды деген ойдамыз.

УДК 821.512.122 – 1  
ББК 84 Қаз 7 – 5

ISBN 978-601-80208-7-2

© А.Арыстанбек, 2011  
© Профи Медиа, 2011

Көл-күнделік тілшілдегің мәдениеттегі жаңылар  
Мен мен оның ата-бабашының мәдениеттегі жаңылар  
**БІРІНШІ БӨЛІМ**

*Біресе бағымды жазамын,  
біресе сорымды жазамын*



\* \* \*

Алпыс інгенді зарына итіп,  
Алпыс екі тамырын ұйытып,  
Тоғыз ай тоғыз күн көтеріп,  
Толғатып,  
Табалдырығында тұрып тозақтың,  
Дүниенің есігін ашқан қазақпын!

Тәнірім мандайма ойып жазып,  
Сорым мен бағымды,  
Тамырыма дарытып,  
Жеті атам жүктеген қанымды,  
Анамның ақ омырауынан сіңірдім тілімді,  
Анамның ақ жүзінен көрдім иман  
мен дінімді.

Әкемнің қарғыстан қатал қабагын күтіп,  
Әлемнің хош аңқыған ауасын жұтып,  
Балалықтың бал татыған күндерін  
арта қалдырып,  
Жастығымды жас жігіттің жалынына  
алдырып,  
Отызымда оймақтай миым ошақтай болып,  
Ошақтың іші өмірдің өксігіне толып,  
Отырмын сол өксіктің өкпек желіне тоқып.

Қазағым, сенімен тағдырлас әр күнім,  
Дүшпаным һәм досымсың барлығың.

Қып-қызыл тілімді қылыштай жаныған  
Мен де баяғы ақындарындаи зарлымын.  
Мен де баяғы ақындарындаи жарлымын!

Жұдырықтай жүрегім кеудемде бұлкілдеп,  
Көз жасым көзімнің аясында кілкілдеп,  
Басының орнында қарыны іркілдеп,  
Бастықсымақтар басынды-ау зіркілдеп,  
Қасқырдай қаншыққа ұйлыққан,  
Қабырғамды сөкті-ау біртіндеп.

Тәнірім мандайыма ойып жазған,  
Сорым да өзіңсің – қазағым,  
Бағым да өзіңсің – қазағым,  
Тағдырым – тең түскен таразым,  
Ендеше таразы басында отырып,  
Біресе сорымды жазамын,  
Біресе бағымды жазамын.

\* \* \*

Әйелден ақын шықпайды деп,  
Әлсіздер жылап-сықтайды деп,  
Еркектің ығын ықтайды деп,  
Өлсе де өрлік жүқпайды деп,  
Жүрсіндер-ау,  
Көрерсіндер әлі!

Әйел дегенің ақылшы екен деп,  
Шетінен бәрі ақын-шешен деп,  
Сенің ығында жатып өсем деп,  
Бибінің бәрі батыл екен деп,  
Алдымызға да,  
Келерсіндер әлі!

Әйелдің нағыз пірі едің-ау деп,  
Жұлдыздың сен де бірі едің-ау деп,  
Қайранға келіп қайрылдық-ау деп,  
Ақыннан нағыз айрылдық-ау деп,  
Мен өлгенде  
Көмерсіндер әлі!

\* \* \*

Тірі кезде бағы ашылмай түнерген,  
Жаратылған жаны жайсаң өлеңнен,  
Деп маған да ортасынан қаланың,  
Бір ескерткіш соғарсындар,  
Білем мен.

Тірлігінде мейлі құлсін, түнерсін,  
Қадірімді өлгеннен соң білерсің.  
Мен тұрған үй іргесіне мәрмәрдан,  
Бір ескерткіш-тақта әкеп ілерсің.

Ұқпайсындар қазір менің сырымды,  
Дос түгілі, қасқа бермес күнімді.  
Сендер оқып жарытпаған бүгінде,  
Балаларың жатқа оқиды жырымды.

Не арман бар өлеңдерім жатталса,  
Мені іздесе кітаптардан, ақтарса.  
Баспанаға жарытпаған...  
Өлген соң,  
Бір мұражай ашарсындар көп болса.

Тап осындай көрмеп ек деп ақынды,  
Жеткізерсің келешекке хатымды.  
Көшелі жыр жазған ақын деп менің,  
Бір көшеге берерсіңдер атымды.

Білем қазір өте қоймас жарлығым,  
(Жарлығыма жар құлағын салды кім?)  
Нағыз ақын осы еді деп түбінде,  
Мойындайсың, мойындайсың барлығың!

Жырға жерік емессіңдер сезгенім,  
Ертеңгіге жетсе болды сөздерім.  
Жалғыз-жарым кітабы бар ақынға,  
Том-том кітап жазарсындар өздерін.

Шакта мынау от боп жанар, жалындар,  
Шаласындар аяғымнан, таңым бар.  
Ертең әлі-ақ, бір жаңалық ашқандай,  
Докторлығын қорғап жатар ғалымдар.

Дүға оқылып мұрдем жатқан жерінде,  
Дур атағым дүркірейді елімде.  
ЮНЕСКО-ның көлемінде мың жылдық,  
Мерейтойым тойланады менің де!



\* \* \*

Өлеңдерім зерлеп тіккен өрнегім,  
Биіктесем, өлеңіммен өрледім.  
Эйелдерден мәрттік күткен заманда,  
Менің үнсіз қалғандығым – өлгенім!

Өлең өлсе – тарылғаны тыныстың,  
Өлең – болат, мен – құйылған құрышпын.  
Мінезімнің өткірлігі соншалық,  
Қынабынан суырылған қылышпын!

Тіле менен тұртпесе деп тек түлен,  
Керек десен, жерді жарып, көк тілем.  
Қанымдағы қайсарлықтың бастауы –  
Батыр тұлға бабалардан деп білем.

Білгендерге жер – уақыттың үршығы,  
Ал өлеңім – жер нәрінің бүршігі.  
Аспандағы найзағайдың жарқылы,  
Мына менің жүргімнің дұрсілі.

Меніменен жаны сырлас тандыр көк,  
Мінезіме баға берер тағдыр көп.  
Алай-дүлей қара бұлттай тұнеріп,  
Сонан кейін жауа салам жаңбыр бол.

Ұқсамаймын Ақұштапқа, Сараға,  
Жырымды оқы, сонан өзің сарала.  
Тулап-тулап, толқындарым тас жарып,  
Сонан кейін түсе салам сабама.

Мендік жүріс, жүріс емес маң басқан,  
Өлең – өрлік, шыға қоймас «саяу» бастан.  
Сезімінді селт еткізер ұйқасты,  
Қазақ, шіркін, «өлең» дейді әу бастан.

\*\*\*

Өмір мені оңдырмады әуелден,  
Менде әзірге оны «сottар» дәлел кем.  
Ғажайып бір өлең жазып бір күні,  
Конвертсіз ғарыш жаққа жөнелтем.

Тыныс-демім, бір күн сен де тынасын,  
Өлең жаздым деп кетемін бір асыл.  
Жердегілер түсінбейді жырымды,  
Аспан оқып ағыл-тегіл жыласын.

Асып кеткен, тасып кеткен өреден,  
Ақылымды ақ өлеңге бөлегем.  
Жұлдыздарға бір-бір өлең жолдайын,  
Тұніменен оқып тұрсын төбеден.

Менің үнім жер бетінде бөтен үн,  
Ол бәрібір бөтендігін етеді.  
Бір ғажайып өлең жазып бір күні,  
Ғарыш жаққа ұшамын да кетемін!

\* \* \*

Санамды сарсытып,  
Миымды үгіп,  
Жазам деп уытты өлең,  
Тұн қатып,  
Таңдарды таңға ұрып,  
Ұйыпты денем.

Ішімнен,  
Со-о-нау жүректің түбінен,  
Лықсыған өлең,  
Сыртқа шыққанда,  
Япыр-ау,  
Үмітті неден?

Өлеңім, эттең,  
Тыныштық бермей  
Қинайды есіл ақынын,  
Білмейді бірақ,  
Өзінің  
Бір ғасыр өткен соң ғана,  
Оқылатынын.

*Серіт*

Желкем менің жеті жерден қылсын,  
Қаракұсқа қара қаным құйылсын.  
Өкпем өшіп, жүрек қысып туласын,  
Жыным біткен жағама кеп жиылсын.

Қақырасын, қарс айрылсын қабырғам,  
Шорт үзіліп, қан сауласын тамырдан.  
Кешірілмес кеңе болып кетейін,  
Ақталмайын, жарылмайын ағымнан.

Көзім шығып, аяқ-қолдан жан кетсін,  
Өртке оранып, өмірімнен мән кетсін.  
Жазылған жыр адыра қап, жоғалсын,  
Әлем біткен мені қарғап, «әндесін».

Түнек болып тұншықтырсын таңғы аспан,  
Бақыр басты бір-ақ атсын алдаспан.  
Халық біткен бетіме кеп түкірсін,  
Ақындық пен арды сатып алжассам!

\* \* \*

Талайыңды естеріңнен тандырып,  
Жырым тұрар құлағында жаңғырып.  
Ешкім әлі жазбаған жыр жазам да,  
Кетем әлі барлығыңды таң қылып.

Маңдайымды жатса дағы мұз қарып,  
Жазам өлең арқам қозып, сыйданып.  
Мен қалайша жазбадым деп осыны,  
Ақындардың іші күйсін қызғанып.

Дарындарың құм астында байқалмай,  
Қалсын әлем мен жазбасам жайқалмай.  
Ең татымды өлең жазам, басқалар,  
Жүрсін сосын ақынмын деп айта алмай.

\* \* \*

Шаршадым-ау,  
Қайтемін?  
Не қыламын?  
Ойлай берсем, ойшылмын,  
Сұңғыламын.  
Өріп-өріп сезімнің талшықтарын,  
Жиып-жиып әйтесеүір жыр қыламын.

Жыр қыламын,  
Болмаса,  
Сыр қыламын.  
Миымның да мазасын мың бұрадым.  
Мен жазбасам дүние құритындай,  
Күнді қойып,  
Тандарды таңға ұрамын.

Санамды да сан сілкіп,  
Жұлқыладым,  
Бір отырып, орнынан бір тұрамын.  
Тыныш таба алмаспын сірә да мен,  
Ұялатпай өлеңнің ұртына күн.

Байыз тауып, әйтеуір,  
Тыншымадым,  
Қысыламын, бір кездे тұншығамын.  
Толғақ қысып кеудемді барады эне,  
Білмеймін кім шығарын,  
Жыр шығарын?!

\* \* \*

«... Өлең жазатын қыздарды,  
Аяймын іштей, дегенмен.»

Есенгали

Иә, сен де ая мені, Ес-аға!  
Аяушылықтан кенде емен.  
Періште болып тудым да,  
Өлеңге айналған пендे – Мен.

Аямай ал мен өзімді,  
Аядай миды кеземін.  
Өлеңге қиған өмірді,  
Өлімге қимай келемін!

Миымның іші аядай,  
Жүректі қайда қоясың.  
Құдай да мені аямай,  
Есенғали ғана аясын!

Ақын-әйел де бір шайыр,  
Шалынсын ол да құрбанға.  
Құдайдың қолы не, тәйір,  
Ес-ағам сипап тұрғанда.

Аярлар қаптап маңайым,  
Аймалар қызыл тілімен.  
Тасқа да соғып талайым,  
Тарыдай сосын үгілем.

Азап қой өлең дегенің,  
Мен соған қидым бәсімді.  
Көзімнен өлең төгемін,  
Есенғали сұртсін жасымды.

Жасытсаң – жасыт, мұсірке,  
Сірә да, соған лайықпын.  
Өлеңді көріп түсімде,  
Өлең боп содан айықтым.

Мен едім таза, пәк шайыр,  
Науқаспын,  
Налам жоқ-ты аса.  
Құдайдан енді жоқ қайыр,  
Есенғали дауа таппаса.

\* \* \*

«Әйелден ақын шықпайды,  
Биши не күйши болмаса...»

*Есенғали*

Есенғали аға, Ес-аға!  
Сенің Тәңір ес бүріккен санаңа,  
Мен де – солай, қала алмадым тасада.

Ол рас, біз – әйелміз,  
Сен – ақын.  
Себебі:  
Ең бірінші ақын – ЕРКЕК болатын!

Бірақ аға, жүгінейік Тәңір деген төреге,  
Барлық ақын ерек емес!  
Ерек біткен ақын емес және де!

Кешір, менің өктем шықса дауысым,  
Кілең қырттар арасында  
«Ақынмын» деп айқайлар,  
Нағыз ерек ақындардың бары шын.

Сен – ақынсың,  
Мен – әйелмін, бірақ та,  
Жауап берші мына жалғыз сұраққа:

Ақыл-ойын аршып таң,  
Ақындар ақын болып туыла ма?  
Жасала ма, әлде олар балшықтан?

Қарсылассам, қақым бар,  
Көбі мені құптайды.  
Көктен жерге түседі ғой ақындар,  
Жерден өсіп шықпайды.

Санам – сөзден,  
Миым – миллион талшықтан,  
Мен де, аға, түстім Көктен. Түсірді!  
Жасалмадым балшықтан.

Биші бола алмадым,  
Күйші болу келмейді екен қолымнан.  
Ақын болдым,  
Ол да – сорым, артық тусам көп ұлдан.

Өлең – дерт деп айтпап па еді мына ел,  
Демек – сор!  
Ақын болып туу керек, ең болмаса бір әйел.  
Мен болуым керек сол!

Дей алмассың: ақын емес, елессің,  
Өйткені мен  
Ақұштап та, Фариза да емеспін!

Әлі мына Жаратқаннан бар дәмем:  
Менен күйші, биші жасап бере алсаң,  
О, Ес-ага, қуанар ем онда мен.

Өкінішті, келмейді ол қолыннан,  
Олай болса, кеспе менің жолымнан.

«Бишіліктен бақытыңды табасың»,  
Енді бұлай демессің.  
Өйткені сен де АҚЫН ғанасың,  
Күдай емессің!

***Бесінші маусым***

*Әй, дегенмен, бесінші бір маусым бар...*

*Тыныштықбек*

Төрт-ақ маусым, төрт мезгіл, төрт құбыла,  
Талайына пендениң шақ ғұмыр, ә?!

Бір маусымнан көшкенше бір маусымға,  
Басыңнан да көшеді бақ құбыла.

Бақ көшеді, қонады қайда барып,  
Ақын отыр аларып, Айға налып.  
Құлагер-қаламына мініп алып,  
Қалыңдық іздел кетті бойдақ әріп.

Аспанда алақанын жайған Ай-ды,  
Алайда ол да бізді ойламайды.  
Қаламын жетектеген әріп-ақын,  
Қағаздың аппақ тәнін аймалайды.

Тағдырдың тісін санап кетілмеген,  
Келеді ақын тобыр, нөпірменен.  
Екі ғасыр өмірге бұрын келіп,  
Еліне жаны ашиды жетілмеген.

Ес – бүтін, ақыл – аман, сана – сергек,  
Өмір өзі жүзіңе салады өрнек.  
Бесінші бір маусымды күтіп ақын,  
Бейітінің басында қала бермек.

Қыс өтер көрпелері құрақтанып,  
Көктем келер көзінен шуақ тамып.  
Жаз бен Күз, сонан кейін тұрады ылғи,  
Тағы да бір маусым бар сияқтанып.

Төрт маусым жол тартады кезеңдерге,  
Тағдырдың талқысына төзер мен бе?  
...Беу, ақын, бұл жақта емес, бақи жақта,  
Бесінші маусым барын сезем мен де.



## **ЕКІНШІ БӨЛІМ**

**Жасын сығып бара  
жатыр көшкен бұлт**



\* \* \*

Жаның тәннен ертерек жерігесін,  
Осылайша сан ойға берілесің.  
Мүмкін, тым кеш түсіндім өмір сырын,  
Мүмкін, ерте ауысты менің есім.

Бөрік ішінде жарылған қайран басым,  
Ошақ болды-ау күні-тұн ойланғасын.  
Жабырқаудың керегі жоқ та шығар,  
Жаның Қекке тікелей байланғасын.

Қызыл-жасыл дүние-ай көзді арбаған,  
Қызылына құнығып тозған ғалам.  
Жұмбағына жалғанның жұтылармын,  
Мүмкін соны шешуді жазған маған.

Құн күлуден жаңылып, тұн түңілген,  
Қоғам құсық сасиды сырты гүлден.  
Аузын ашса, албасты ақтарылып,  
Артын ашса, шайтанның мұрты құлген.

Есірткі емген немедей есі кеткен,  
Ойдың қалың орманын нәсіп еткем.  
Құлын даусым жетсе егер құлағына,  
Құдайдың да төгілер жасы көктен.

Зәр шыққаны-ай, тілімнен бал тамарда,  
Ой жеген де бір қазір нансоғар да.  
Пірәдардың пейілі тарылған ба?  
Періштеден пәтуа қалмаған ба?!